

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау ережелеріне

1 қосымша

[шығыс нөмірі және өтініш-келісім күні көрсетілген фирмалық бланкіде]

"KASE клиринг орталығы" АҚ

**Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыға қызмет көрсетуге
ӨТІНІШ - КЕЛІСІМ**

Клирингілік қатысушы **[жарғыға және заңды тұлғаны әділет органдарында тіркеуге (қайта тіркеуге) сәйкес клирингтік қатысушының толық атауы]** (бұдан әрі – Клирингілік қатысушы) осы өтініш-келісімге қол қоя отырып, "KASE клиринг орталығы" АҚ-на (бұдан әрі — Клиринг орталығы):

- қамтамасыз ету жүйесіне қатысушысы **[жарғыға және заңды тұлғаны әділет органдарында тіркеуге (қайта тіркеуге) сәйкес қамтамасыз ету жүйесі қатысушының толық атауы]** (бұдан әрі — қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы) Клиринг орталығының "Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау ережелері" атты ішкі нормативтік құжатында (бұдан әрі — Ережелер), сондай-ақ Клиринг орталығы мен Клирингілік қатысушы арасында жасалған ТКБЖ-де есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау туралы келісім-шартпен (бұдан әрі — Келісім-шарт) белгіленген көлемде және тәртіппен қызмет көрсетуге және қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының міндеттемелері шеңберінде және оның атынан Клиринг орталығы алдындағы іс-қимылдар мен жауапкершілікті орындауға;
- Клиринг орталығының Ережелерге сәйкес "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-да қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы үшін ашылатын Қамтамасыз етудің қосалқы шоты туралы ақпаратты; қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының АКҚАЖ мекенжайларын қоса алғанда, Келісім-шартқа сәйкес Клиринг орталығының төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыруы үшін қажетті және жеткілікті қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы туралы құпия ақпаратты алуына өзінің қайтарып алынбайтын және сөзсіз келісімін береді.

Клирингілік қатысушы қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыдан:

- ТКБЖ-ге есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау шеңберінде дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге, Клиринг орталығына құпия ақпарат беруге, сондай-ақ Клиринг орталығының көрсетілген ақпарат пен деректерді үшінші тұлғаларға беруіне;
- ақпаратты қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының тікелей АКҚАЖ жүйесі арқылы Клиринг орталығынан ақпарат алуына тиісті келісімін алғанын растайды.

Клирингілік қатысушы осы өтініш-келісімге қол қойылғанға дейін ол қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыдан осы өтініш-келісімде көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға тиісті өкілеттіктер алғанына кепілдік береді және оның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген өкілеттіктер шеңберінде әрекет ететінін растайды.

[Бірінші басшының немесе уәкілетті тұлғаның лауазымы]

[қолтаңба]

[тегі, аты-жөні]